

**Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 6ВС-20-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 қаңтарда № 6354 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 5 мамырдағы № 7ВС-27-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 05.05.2022 № 7ВС-27-3 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына сәйкес, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау бекітілсін.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жақсы аудандық  
мәслихатының сессия  
төрайымы*

*Г.Мұхамбетжанова*

*Жақсы аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б.Жанәділов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Жақсы ауданы әкімі*

*Қ.Сүйіндіков*

**"25" 12 2017 жыл**

Жақсы аудандық мәслихатының  
2017 жылғы " 25" 12

## **Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленеді және ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### **2 тарау. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды ауылдың, ауылдық округтің әкімі шақырады.

Жақсы ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді ауылдың, ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды ауылдың, ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдың, ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жақсы ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны ауылдың, ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

Жақсы аудандық мәслихатының  
2017 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 6BC-20-4 шешімімен  
бекітілген

**Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау**

**Ескерту. Айқындау жаңа редакцияда - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 12.03.2020 № 6BC-52-5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

| №                      | Жақсы ауданының елді мекені атауы | Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны (адам) |
|------------------------|-----------------------------------|---|
| 1                      | Белагаш ауылы                     | 9   |
| 2                      | Жақсы ауылы                       | 52  |
| 3                      | Киев ауылы                        | 5   |
| 4                      | Новокиенка ауылы                  | 7   |
| 5                      | Подгорное ауылы                   | 7   |
| 6                      | Терісаққан ауылы                  | 4   |
| 7                      | Чапаев ауылы                      | 3   |
| Беловод ауылдық округі |                                   |   |
| 8                      | Беловод ауылы                     | 4   |
| 9                      | Қайрақты ауылы                    | 2   |
| 10                     | Перекастное ауылы                 | 4   |
| Ешім ауылдық округі    |                                   |   |
|                        |                                   |   |

|                          |                  |    |
|--------------------------|------------------|----|
| 11                       | Ешім ауылы       | 8  |
| 12                       | Қазақстан ауылы  | 1  |
| 13                       | Монастырка ауылы | 1  |
| Жаңақима ауылдық округі  |                  |    |
| 14                       | Алғабас ауылы    | 1  |
| 15                       | Жаңа Қима ауылы  | 7  |
| 16                       | Қима ауылы       | 10 |
| Запорожье ауылдық округі |                  |    |
| 17                       | Запорожье ауылы  | 11 |
| 18                       | Лозовое ауылы    | 5  |
| Калинин ауылдық округі   |                  |    |
| 19                       | Калинин ауылы    | 4  |
| 20                       | Қалмақкөл ауылы  | 2  |
| 21                       | Моховое ауылы    | 3  |
| Қызылсай ауылдық округі  |                  |    |
| 22                       | Баяғыз ауылы     | 1  |
| 23                       | Киров ауылы      | 6  |
| Тарасов ауылдық округі   |                  |    |
| 24                       | Казахское ауылы  | 1  |
| 25                       | Тарасовка ауылы  | 4  |